

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№1-хаттамасы**

2025 жылғы «9» қазан

Қатысты: 9

Қатыспады: 1

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2025 – 2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңесін сайлау туралы.
2. Балабақшаның Қамқоршылық кеңесі құрамының тізімін қалыптастыру.
3. Балабақшаның Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысын сайлау.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі сөз сөйлеп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 01.03.2023 №56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібімен таныстырды. Қатысушыларға Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткерлерді ұсынды, МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының міндеттері аясын және өкілеттіктеріне сипаттама берді. Интернет-ресурста (аудандық/қалалық ББ) Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру туралы хабарландыру орналастырылғаннан кейін, мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілетіні туралы хабарлады.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері сөз сөйлеп, келген ұсыныстар негізінде Қамқоршылық кеңес құрамы тізімінің жобасын енгізді. (Талқылаудан кейін 9 адам ұсынылды).

Үшінші мәселе бойынша қатысушылар МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының кандидатурасына 2024-2025 оқу жылындағы төрайымды қалдыруды ұсынды..

Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткерлердің жазбаша келісімдері қоса берілген.

Шешім:

1. «ИП Бакатова» «Балақай» жеке балабақшасының 2025 – 2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлансын:

1.– М.Е. Бакатова-Қамқоршылық кеңестің төрайымы.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

2. - М.К. Мухамбетова «Балақай» балабақшасының меңгерушісі;

3.– А.Е.Аткеева- жеке кәсіпкер;

4.– МКҚК қазақ тілі маманы

5.– А Н Касанғалиева – тәрбиеші

6.– Э Н Измагамбетова

7. – А А Сарсенова –ата-ана

8. – А А Мусаева жеке кәсіпкер

9.– В Н Аяпова- ата-ана

Хатшы: А.Минуллина

2. Шешім ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды.

3. Қамқоршылық кеңес «ИП Бакатова» «Балақай» жеке балабақшасының Жарғысы және нормативтік құқықтық құжаттарымен таныссын.

4. Кеңестің кезекті отырысында бекіту үшін Қамқоршылық кеңестің 2025– 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленсін.

Төрайым:

Хатшы:



М.Е. Бакатова

А.Минуллина

Қамқоршылық кеңес отырысының №2 хаттамасы

2025 жылғы «12» желтоқсан

Қатысқандар: 9 адам

Қатыспағандар: 1 адам

Күн тәртібі:

1. Балабақшаны дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында мектепке дейінгі ұйымның 2025–2026 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспарымен танысу.
2. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу.
3. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
4. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспарымен танысты. Бағдарламаның негізгі басым бағыттары талқыланып, ұйым қызметін жетілдіруге қатысты ұсыныстар енгізу қажеттілігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру және өткізу мәселелері қаралды. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мерекелік іс-шараларды сапалы ұйымдастыру, қауіпсіздік талаптарын сақтау және ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау мәселесі қарастырылды. Ас мәзірінің сапасын арттыру, санитарлық талаптарды сақтау және балалардың дұрыс тамақтануын бақылау бойынша ұсыныстар берілді.

Төртінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттары, нысандары, мөлшері мен тәртібі талқыланды. Қаражатты мақсатты әрі тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар айтылды.

ШЕШІМ:

1. Балабақшада 2025–2026 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспары негізінде Қамқоршылық кеңестің ұсынымдары әзірленсін.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру және өткізу бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылсын.
3. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру барысында санитарлық нормалар мен талаптар қатаң сақталсын.
4. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану тәртібі бекітіліп, мақсатты бағытта қолданылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

М.Е. Бакатова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

А.Минуллина



Қамқоршылық кеңес отырысының №3 хаттамасы

2026 жылғы «12» наурыз

Қатысқандар: 9 адам

Қатыспағандар: 1

Күн тәртібі:

1. Наурызнаманы мерекелеуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу.
2. Балабақша ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру. Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру, «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу.
3. Мектеп жасына дейінгі балалар және ата-аналармен бірге «Эко-десант» ұйымдастыру.
4. Балабақшада «Кітап оқуды» ұйымдастыру және өткізу, топтарда кітап бұрыштарын жабдықтау.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері Наурызнаманы мерекелеуге дайындық жұмыстарын қарастырды. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау, балалардың қатысу белсенділігін арттыру және ата-аналарды тарту мәселелері талқыланды.

Екінші мәселе бойынша балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары қаралды. Еріктілерді тарту арқылы ағаш отырғызу, гүлзарларды күтіп-баптау және «Жасыл табиғат» экологиялық челленджіне қатысу жоспары бекітілді.

Үшінші мәселе бойынша балалар мен ата-аналардың қатысуымен «Эко-десант» ұйымдастыру мәселесі талқыланды. Қоршаған ортаны қорғау, тазалық мәдениетін қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру бағытында жұмыстар жүргізу ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша балабақшада балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында «Кітап оқу» іс-шарасын ұйымдастыру және топтарда кітап бұрыштарын жабдықтау мәселесі қарастырылды.

ШЕШІМ:

1. Наурызнаманы мерекелеу бойынша дайындық және өткізу жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Мектепке дейінгі ұйым аумағын абаттандыру, көгалдандыру және «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу жұмыстары жүргізілсін.
3. Балалар мен ата-аналардың қатысуымен «Эко-десант» экологиялық акциясы ұйымдастырылсын.
4. Балабақшада «Кітап оқу» іс-шарасы өткізіліп, топтарда кітап бұрыштары жабдықталсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

М.Е. Бакатова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

А.Мишулина



Қамқоршылық кеңес отырысының №4 хаттамасы

2026 жылғы « 14 » мамыр

Қатысқандар: 10 адам

Қатыспағандар жоқ

Күн тәртібі:

1. Балақшада жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу.
2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшерін және тәртібін айқындау.
3. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігіне немесе облыстық (аудандық/қалалық) білім басқармасына Қамқоршылық кеңес тарапынан анықталған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру мәселесін қарастырды. Балалардың денсаулығын нығайту, жазғы демалысты тиімді өткізу, ойын-сауық және сауықтыру іс-шараларын жоспарлау бойынша ұсыныстар талқыланды.

Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттары қарастырылды. Қаражатты мақсатты пайдалану, жабдықтар алу және инфрақұрылымды жақсарту мәселелері бойынша ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес тарапынан мектепке дейінгі ұйым қызметінде анықталған кемшіліктерді талқылау және оларды жою бойынша ұсыныстарды білім басқармасына немесе ұйым әкімшілігіне жолдау мәселесі қаралды. Ашықтықты қамтамасыз ету және жұмысты жетілдіру бағыттары айтылды.

ШЕШІМ:

1. Балабақшадағы жазғы сауықтыру кезеңі бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану тәртібі бекітіліп, мақсатты бағытта жүзеге асырылсын.
3. Қамқоршылық кеңес тарапынан анықталған кемшіліктер бойынша ұсыныстар дайындалып, тиісті білім басқармасына немесе мектепке дейінгі ұйым әкімшілігіне жолдансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  М.Е. Бакатова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:  А.Минуллина

